

Өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысанын және оны толтыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) Төрағасының 2012 жылғы 14 қарашадағы № 443-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2012 жылды 10 желтоқсанда № 8176 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 78 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.02.2017 № 78 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 48-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысаны;

2) осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) Отын-энергетикалық кешенін, қаржы нарықтарын және өзге де салаларды талдау департаменті (М.Н. Әбсаттарова) осы бүйрықтың белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) жауапты хатшысы Н.Ә. Әбдіге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Təpəfa

F. Әбдірахымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы

— Θ. Смайлов

2012 жылғы 19 қараша

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау агенттігінің
(Монополияға қарсы агенттік)
2012 жылғы 14 қарашадағы
№ 443-НҚ бұйрығына
1-косымша

Нысан

Өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстырылған деңгейі туралы тоқсан сайынғы акпарат нысаны

Айдын атаяу	Өнімнің тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін монополиялық қызметтер) түрінің атаяу	Сыныптауыш, номенклатура			Өлшем бірлігі	Заттай мәнде өнімнің монополиялық түр қызметтер) өндіру және өткізу көлемдері (өлшем бірлігіне)							
						Қазақстан Республикасында		Өнірлер бөлінісінде				Тұтынушылар	
		ЭКЖЖ	ӨӨСЖ	СЭК TH		өндіру	өткізу	өндіру		өткізу		өндіру	
						KATO-ға сәйкес өнір коды	мәні	KATO-ға сәйкес өнірдің коды	мәні	Tұтынушылар коды			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	

Кестенің жалғасы:

Құндық мәнде өнімнің монополиялық түрлерін (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) өндіру және өткізу көлемдері (тенге)								
Қазақстан Республикасында		Өнірлер бөлінісінде			Тұтынушылар бөлінісінде			
өндіру	өткізу	өндіру		өткізу		өндіру		өткізу
		KATO-ға сәйкес өнірдің коды	мәні	KATO-ға сәйкес өнірдің коды	мәні	Tұтынушының коды	мәні	Tұтынушының коды

18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28
----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

кестенің жалғасы:

Өнімнің түрлеріне жұмыстар, қызметтер (КҚС-сыз) тенгемен монополиялық (тауарлар, босатылу бағасы)					Өнім бірлігінің толықтай өзіндік құны/ сатылатын бағасы (КҚС-сыз) тенгемен	Өнімнің жұмыстар, қызметтер (КҚС-сыз) тенгемен монополиялық түрін өндіруден және қызмет көрсетуден табыс	Өнімнің өндірістік құны (өндірістік шығындар емес шығыстар)	Кезең шығыстары (өндірістік шығындар)	Салық салған дейін табыс шығын
Өнірлер бөлінісінде		Тұтынушылар бөлінісінде		Сараптамалық бағасы					
КАТО-ға сәйкес өнірдің коды	бағасы	Тұтынушының коды	бағасы						
29	30	31	32	33	34	35	36	37	38

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау агенттігінің
(Монополияға қарсы агенттік)
2012 жылғы 14 қарашадағы
№ 443-НҚ бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері, өткізілетін монополиялық тауарлардың босатылу бағалары мен табыстылық деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпараттың нысанын (бұдан әрі - нысан) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігіне (Монополияға қарсы агенттік) Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізілген субъектілер тоқсан сайын – есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейінгі мерзімде береді.

3. Нысан мынадай үлгіде толтырылады:

1-бағанда есепті айдың атауы көрсетіледі;

2-бағанда осы бойынша нарық субъектісі Тізілімге енгізілген өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрінің атауы көрсетіледі

(Тізілімде өнімнің бір монополиялық түрінен көп болған жағдайда, есеп әрбір түрі бойынша жеке толтырылады);

3-бағанда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ҚР ЭҚЖЖ 03-2007) сәйкес статистикалық коды көрсетіледі.

4-бағанда Өнеркәсіп өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) статистикалық жіктеуішіне (ӨӨСЖ ВСТ – 07 ред.3) сәйкес статистикалық коды көрсетіледі.

5-бағанда Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына (СЭК ТН КО) сәйкес коды көрсетіледі;

6-бағанда өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда заттай мәнде Қазақстан Республикасындағы өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрін өндірудің жалпы көлемі көрсетіледі.

8-бағанда заттай мәнде Қазақстан Республикасындағы өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрін өткізуудің жалпы көлемі көрсетіледі.

9, 11, 20, 22, 29 - бағандарда олардың бөлінісінде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру мен өткізу көлемдері және босатылу бағасы туралы ақпарат берілетін өнірлердің кодтары көрсетіледі, бұл ретте өнірдің коды Әкімшілік - аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ҚР ӘАОЖ 11-2009) сәйкес берілуі тиіс;

10-бағанда республика өнірлерінің бөлінісінде заттай мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру көлемі көрсетіледі;

12-бағанда республика өнірлерінің бөлінісінде заттай мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өткізу көлемі көрсетіледі;

13, 15, 24, 26, 31 - бағандарда олардың бөлінісінде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру мен өткізу көлемдері және босатылу бағасы туралы ақпарат берілетін тұтынушылардың кодтары көрсетіледі (тоқсан сайынғы есепте ұсынылатын ақпаратты ыңғайлыштың қабылдау үшін олар үшін өткізу көлемі өткізуудің жалпы көлемінің 20%-ынан асатын ең ірі тұтынушыларға кодтарды еркін беру және тоқсан сайынғы есепке кодталған тұтынушылардың толық жазылуын қоса беру қажет);

14-бағанда тұтынушылар бөлінісінде (олар үшін өткізу көлемі өткізудің жалпы көлемінің 20%-ынан асатын тұтынушылар бөлінісінде) заттай мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру көлемі көрсетіледі;

16-бағанда тұтынушылар бөлінісінде (олар үшін өткізу көлемі өткізудің жалпы көлемінің 20%-ынан асатын тұтынушылар бөлінісінде) заттай мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өткізу көлемі көрсетіледі;

17-бағанда заттай мәнде өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрі экспортының көлемі көрсетіледі;

18-бағанда құндық мәнде Қазақстан Республикасындағы өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрін өндірудің жалпы көлемі көрсетіледі;

19-бағанда құндық мәнде Қазақстан Республикасындағы өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрін өткізудің жалпы көлемі көрсетіледі;

21-бағанда республика өнірлерінің бөлінісінде құндық мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру көлемі көрсетіледі;

23-бағанда республика өнірлерінің бөлінісінде құндық мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өткізу көлемі көрсетіледі;

25-бағанда олар үшін өткізу көлемі өткізудің жалпы көлемінің 20 %-ынан асатын тұтынушылар бөлінісінде құндық мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өндіру көлемі көрсетіледі;

27-бағанда олар үшін өткізу көлемі өткізудің жалпы көлемінің 20 %-ынан асатын тұтынушылар бөлінісінде құндық мәнде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлерін өткізу көлемі көрсетіледі;

28-бағанда құндық мәнде өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрі экспортының көлемі көрсетіледі;

30-бағанда республика өнірлері бөлінісінде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлеріне босатылу бағасы көрсетіледі (КҚС-сыз, теңгемен);

32-бағанда олар үшін өткізу көлемі өткізудің жалпы көлемінің 20%-ынан асатын тұтынушылар бөлінісінде өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрлеріне босатылу бағасы көрсетіледі (КҚС-сыз, теңгемен);

33-бағанда өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрінің экспорттық бағасы көрсетіледі;

34-бағанда өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрінің біреуінің толық өзіндік құны көрсетіледі, өнімді қайта сатқан жағдайда сатып алу бағасы (ҚҚС-сыз) теңгемен көрсетіледі;

35-бағанда өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрін сатудан алынған табыс көрсетіледі;

36-бағанда өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрінің өндірістік өзіндік құны (өндірістік шығындар) (ҚҚС-сыз) теңгемен көрсетіледі;

37-бағанда есепті кезеңде келтірілген кезеңнің шығыстары (өндірістік емес шығыстар) (ҚҚС-сыз) теңгемен көрсетіледі;

38-бағанда салық салғанға дейінгі монополиялық қызметтен қаржылық нәтижесі (пайда, шығын) (ҚҚС-сыз) теңгемен көрсетіледі;

39-бағанда салық салғаннан кейінгі монополиялық қызметтен қаржылық нәтиже (пайда, шығын) (ҚҚС-сыз) теңгемен көрсетіледі;

40-бағанда өнімнің (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) монополиялық түрінің рентабельділік дәрежесі көрсетіледі, ол салық салғанға дейінгі пайданың (шығынның) өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық түрін өндіру мен өткізу шығындарына қатынасы ретінде есептеледі (%).

4. Нарық субъектілері үшін жоғарыда аталған қандай да бір көрсеткішті қолдану тиімсіз болған жағдайда тиісті бағанда сзықша "-" қойылады және нысанға ақпараттың болмауының түсіндірмесі қоса беріледі.

5. Нысанға Тізілімде тұратын нарық субъектісінің басшысы қол қояды.

6. Монополияға қарсы органға белгіленген мерзімде ақпарат бермегені не толық емес көлемде бергені, дұрыс емес және (немесе) жалған ақпарат бергені үшін нарық субъектілері қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.